



БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР

5-БЕТ | ҚОҒАМ



«ӘКЕМТЕАТРАН» ҚАЛЛЕКИГЕ ДЕЙІН

7-БЕТ | ЗЕРДЕ



ЭЛЕКТРОСАМОКАТ ҚАУІПСІЗ БЕ?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз заң үстемдігі, әділдік және жалпыға бірдей мүмкіндік қағидаттарын ұстанып, «Жаңа Қазақстанды» құруға кірістік. Еліміздің әрбір жауапты азаматының реформаларды іске асыруға белсене қатысып, мемлекетіміздің дамуына үлес қосатын кезі келді. Конституцияда белгіленген демократия құндылықтары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері Қазақстан Республикасы дамуының нақты стратегиялық бағдарын айқындайды.

№103
(4381)
Бейсенбі
1 қыркүйек
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



3

АУЛАСЫМЕН АЖАРЛАНҒАН АСТАНА

Ел ордасы – Нұр-Сұлтан қаласының келбеті күн өткен сайын көркейіп келеді. Соңғы жылдары қаланың әр аумағында пайда болған қоғамдық кеңістіктер елорда тұрғындарының игілігіне айналып отыр. Күні кеше аталып өтілген Конституция күні мерекесінде тағы да бірнеше жаңа аулалар ашылды.



ЖӘРМЕҢКЕНІ ЖАМБЫЛДЫҚТАР ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

Түркістан облысының диқандары өздерінің ауылшаруашылық өнімдерін Нұр-Сұлтан қаласындағы «Барыс Арена» мұз сарайының аумағында өткен жәрмеңкеде ұсынды.

27-30 тамыз аралығында ұйымдастырылған жәрмеңкеде жалпы құны 478 миллион теңгені құрайтын 500 тоннадан астам ауылшаруашылығы өнімі нарық құнынан 15-20 пайызға

төмен бағада сатылды.

Енді 3-4 қыркүйекте Жамбыл облысының дала еңбеккерлері ауылшаруашылығы өнімдерін жәрмеңкеде ұсынатын болады.



АҚОРДА

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы бүгін - 1 қыркүйекте сағат 11:00-де республикалық телеарналардан, ақпарат агенттіктерінің сайттарынан тікелей эфирде көрсетіледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз қызметінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан жедел ақпарат таратылады.

БҮГІН – БІЛІМ КҮНІ

Жаңа оқу жылы бірқатар өзгерістермен басталады.



Біріншіден, оқу жылы ұзартылады, атап айтқанда, 1-сыныпқа 35, 2-11-сыныптарға 36 оқу аптасы енгізілді.

Елордада 400 мұғалім біліктілігін арттырды. Педагогикалық мамандықтарға 1050 грант бөлінді.

6

«ҚҰРЫЛТАЙ» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Жақында іске қосылатын қосымша арқылы тұрғындар елдің бүгінгі мен болашағына қатысты өз ұсыныс-ойларын Ұлттық құрылтай мүшелеріне жеткізе алады.

Мобильді қосымша қыркүйек айында пайдалануға берілімек. Ол қазіргі тұрғындардың қолданысында жүрген қосымшалар секілді жүктеуге оңай, пайдалануға ыңғайлы болмақ. Оның көмегімен кез келген тұрғын өзін толғандырып жүрген мәселе бойынша пікірін білдіріп, ұсынысын айта алады. Жаңа қосымша сондай-ақ әлеуметтік зерттеулер мен түрлі сауалнамалар жүргізуге де көмегін тигізбекші.



ҚАЗАҚ-ҚАТАР ҚАТЫНАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Таниды қабылдады.

Кездесуде қазақ-қатар қарым-қатынастарын дамыту перспективалары талқыланды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде экономиканың негізгі салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше

назар аударылды. Сонымен қатар халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылды қарастырып, өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы қыркүйек айында Эр-Риядта өтетін Орталық Азия және Парсы шығанағы

елдері сыртқы істер ведомстволары басшыларының диалог алаңының бірінші отырысын құптайтынын жеткізді. Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тани Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қатар Әмірінің сәлемін жеткізіп, оның жуық арада Қазақстанға келетінін растады.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ресми шараларына қатысады.

Президент 5 қыркүйек күні жұмыс сапарымен Қостанай облысына барады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Facebook-тегі

парақшасында жазды. «Президенттің алдын ала бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев 5 қыркүйек күні Қостанай облысына барады. Жұмыс сапары

аясында ағартушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ресми іс-шараларына қатысады» делінген хабарламада.

ЧЕМПИОНДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бокстан WBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атанған Жәнібек Әлімханұлына құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент әлемдік деңгейде шаршы алаң шебері атанған боксшыларымыз аз емес екенін, Қазақстан бокс мектебінің абыройын асқақтатуға Жәнібек Әлімханұлының да зор үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

«Қажырлы еңбегіңіз бен мұқалмас ерік-жігеріңіздің арқасында қазақтың бокс стилінің үстемдігін тағы бір рет паш еттіңіз. Бұл айтулы жетістігіңіз жас өрендеріміздің спортқа, әсіресе боксқа деген қызығушылығын

арттыратыны сөзсіз. Үлкен спорттағы әр қадамыңыз – олар үшін үлгі-өнеге. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, спортта толағай табыс тілеймін!» деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтау жеделхатында.

ПӘКІСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан президенті Ариф Альвиге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістандағы адамдардың қазасы мен көпшіліктің зардап шегуіне әкелген жойқын су тасқыны туралы хабарды

қатты қайғыра қабылдағанын жеткізді. Мемлекет басшысы жеделхатта Пәкістан Президенті Ариф Альвиге және жақындарынан айырылған

отбасыларына көңіл айтып, қайғысына ортақтасып, осы қиын кезеңде Пәкістан халқы мен үкіметімен бірге екенін білдірді.

ӨҢІРДІҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевты қабылдады. Президентке облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму перспективалары, инвестиция тарту, мұнай қорының сарқылуына байланысты газ өндіру, жаңа геологиялық зерттеу жұмыстары туралы баяндады.



Аймақтың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде 7 айдың қорытындысы бойынша оң динамика бар. Атап айтқанда, былтырмен салыстырғанда тартылған инвестициялар көлемі 111,5 пайыз, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 105,5 пайыз өскен. Нұрлыбек Нәлібаев мұнай қорының сарқылуы салдарынан мұнай өндіру көлемінің кемуінің орнын толтыру үшін сейсмикалық барлау, газ қорларын игеру жұмыстары қолға алынғанын жеткізді.

Инвесторлармен жұмыс қарқын алып келеді. Президенттің тапсырмасына сәйкес, құны 215 миллиард теңгені құрайтын,

қуаты 240 мегаватт жаңа жылу электр орталығы салынып, 2025 жылы тапсырылады. Сонымен қатар жеке инвестор есебінен 11,8 миллиард теңгеге Қызылорда қаласы әуежайының жаңа терминалы 2024 жылы халық игілігіне берілімек. Облыс әкімі Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекеттер арасындағы келіссөздер нәтижесінде су көлемі былтырғы деңгейден артқанын жеткізді. Аймақта суды аз қажет ететін майлы және жемдік дақылдар алқаптарын ұлғайтуға басымдық беріліп, бақша және көкөніс алқаптарының көлемі көбейген. Сондай-ақ күріш саласын

дамытудың жаңа бағдарламасы әзірленбек.

Мемлекет басшысына баяндалған тағы бір мәселе – еңбек дауларын шешу. Аймақтағы ірі 49 кәсіпорынмен меморандумға қол қойылды. Алдағы уақытта қызметкерлердің еңбекақысын кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Биыл облыста 9 мектеп, 1 Оқушылар үйі, 2 балабақша пайдалануға беріліп, 11 дене шынықтыру кешені, 6 мәдени нысанның құрылысы жүріп жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкіміне өңірдегі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуді тапсырды.

АЛДЫҢҒЫ ЖОЛДАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ертеңгі Қазақстан халқына арнап жариялайтын кезекті Жолдауында еліміздің алдағы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтары айқындалатынын айтты.

Ол Telegram-арнасында Президенттің «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел игілігінің берік іргетасы» 2021 жылғы Жолдауын жүзеге асырудың аралық қорытындыларына тоқталды.

«Барлық жұмыстар іс жүзінде, Жалпыұлттық жоспар аясында жүргізіліп жатыр. Ол 103 бөлімнен тұрады, олардың басым бөлігі орындалды, қалғанының орындалуы Президент Әкімшілігінің бақылауына алынған. Маңызды әлеуметтік бастамалардың ішінде 2025 жылға дейінгі мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының (мәдениет ұйымдары, мұрағаттар, оның ішінде техникалық қызметкерлер және т.б. қызметкерлері) жалақысын орташа есеппен 20%-ға кезең-кезеңімен арттыру екенін атап өту қажет» деп жазды Ерлан Қарин.

Ол сондай-ақ, заңнамаға ең төменгі жалақыны 60 мың теңгеге деп бекіту және оны

салық, әлеуметтік және басқа салалардағы есептік көрсеткіш ретінде алып тастау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін еске салды. «2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу жөніндегі Жол картасы бекітілді. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Отбасы банкі» арқылы жалпы сомасы 230 миллиард теңгеге жуық 20 мыңнан астам жеңілдетілген несие берілді» деді Е.Қарин.

Мемлекеттік кеңесші ұлт денсаулығын жақсарту бағытында нақты қадамдар жасалғанын да алға тартты. Атап айтқанда, «Биологиялық қауіпсіздік туралы» Заң күшіне еніп, тұрғындарға ДДҰ-да тіркелген коронавирус инфекциясына қарсы вакциналардың қолжетімділігі қамтамасыз етілді. «Саяси жаңғырту мен адам құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстары толығымен дерлік жүзеге асырылды. Адам құқықтарын

қорғау жүйесін нығайту және заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін прокурорлардың аса ауыр санаттағы қылмыстық істер бойынша айыптау қорытындысын дайындау бөлігінде құзыреті кеңейтілді. Өкілетті органдар алаяқтықпен және пирамидалық әрекеттермен күресу бойынша 2022 жылға арналған бірлескен шаралар кешенін жүзеге асырып жатыр.

Заң шығару жұмыстарының шеңберінде білім беру саласында, стреттік активтер нарығын дамыту туралы және т.б. заңдар қабылданды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары, 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бекітілді. Бұл – Президенттің 2021 жылғы Жолдауы аясында жариялаған жүзеге асырылған елеулі бастамаларының аз ғана бөлігі. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады» деді Ерлан Қарин.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Португалияда археологтар алып динозаврдың қаңқасын тапты.

Археолог олжа осы уақытқа дейін Еуропада табылған ең ірі динозавр болуы мүмкін. Ғалымдардың айтуынша, мақұлықтың ұзындығы 25 метр шамасында. Ол брахиозаврлар тобына жатады. Ал брахиозавр ең ұзын динозавр болып есептеледі. Біздің заманымызға дейін 160-145 миллион жыл бұрын Юра дәуірінің соңында өмір сүрді. Мамандар оны шөпқоректі жануарлар қатарына жатқызады.



Норвегия ені екі жолға жететін үлкен құбырды пайдалану арқылы 30 метр тереңдікте әлемдегі алғашқы су астындағы қалқымалы көпір салуды жоспарлап отыр.

Еуропаның солтүстігіндегі мемлекет үкіметі өзінің көлік-логистикалық инфрақұрылымын жетілдіруді мақсатында құны 25 миллиард доллар болатын жобаны 2035 жылы аяқтайды.

Су астындағы көпірге желдің толқындардың әсері жан-жақты зерттеледі.



КСРО алғашқы және соңғы президенті Михаил Горбачев 92 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Бұл туралы Мәскеу орталық клиникалық ауруханасы хабарлады.

Михаил Горбачев 1985-1991 жылдары КОКП Орталық комитетінің бас хатшысы, 1989-1990 жылдары КСРО Жоғары Кеңесінің төрағасы болып қызмет етті.

1991-1993 жылдары ел басқару құқығы үшін Борис Ельцинмен саяси күресте жеңіліп, саяси сахнадан кетті.

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Елордада Ата Заң күніне орай «Конституция. Жаңа Қазақстан. Қарқынды қадамдар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Дөңгелек үстелге Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров, қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекұлы, ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі Иоганн Меркель, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты. Конституция – барлық құжаттардың қайнар көзі. Бүгінгі Есіл аудандық әкімінің ұйымдастырып жатқан дөңгелек үстел барысында Ата Заңға қатысты тарихи оқиғалар айтылды. Жалпы елімізде 5 маусымда өткен республикалық референдумда Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары белсенділік танытқан болатын. Бұған қалада 400 мың тұрғын сайлау учаскесін барып, өз таңдауын жасады. Олардың 56%-дан астамы Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қолдайтынын білдірді. Барша қазақстандықтарды Ата Заң күнімен құттықтаймын. Ата Заңымыз еліміздің одан сайын дамуына кепіл беретін барлығымыз кәміл сенеміз, – деді қала әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына 27 жыл толғанын айырықша атап өткен Дихан Қамзабекұлы Ата Заңдағы өзгерістер мен толықтырулар жөнінде тоқталды. «Жаңа Қазақстанның» мүмкіндіктері құжаттарда көрініс табуы керек. Осыған байланысты еліміздің Ата Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Мұның барлығы да жаңарған қоғамымыздың мүмкіндіктерін және жаңа дөңгелек шығатын заңдық айғақтарын негіздейді. Бұл заңдық айғақтар дегеніміз

не? Естеріңізде болса, міне, супер-президенттік биліктен президенттік республикаға көшеміз деп жатырмыз. 30 жыл ішінде қабылданған Конституциялардың барлығы өміріміздің айнасы іспеттес. Жалпы біз Конституция туралы осындай атаулы күндерде ғана емес, өмірімізде де көп түсіндіруіміз керек. Әрбір заңды білген азамат ол өзінің өмірін темірқазығын анықтайды деген сөз бар. Сол темірқазығымыз айқын болсын, жолымыз ашық болсын, – деді Дихан Қамзабекұлы.

АУЛАСЫМЕН АЖАРЛАНҒАН АСТАНА

Елорданың Абай даңғылы 50 және А.Бараев көшесі 3 мекенжайында орналасқан үйлердің маңында жаңа ауалар пайдалануға берілді.



Бұл жерлердегі балалардың ойын алаңдары жаңартылып, қайта жөндегеннен кейін тұрғындардың демалысына қолайлы ортақ алаң пайда болды. Қоғамдық кеңістіктің салтанатты

ашылу рәсімі Конституция мерекесімен тұспа-тұс келген көпшілікті қуантты. Жиналған тұрғындар мен кішкентай балақайлар алаңда көңілді аниматорлардың қызықты ойындарына қатысып, балалар арасында өткен футбол турнирінің куәсі болды. Сол күні «Кирпичный» тұрғын алабындағы Бірыс, 1 мекенжайында орналасқан үйдің маңында да жаңа ойын алаңы ашылды. Ата Заң мерекесімен тұспа-тұс келген балалар алаңының ашылуы үлкен мереке ретінде аталып өтті. Жаңа алаңның ашылуына шын жүректен қуанған тұрғындар өздерінің ризашылықтарын білдірді. – Ата Заң мерекесі күні ауламызда жаңа алаң ашылып, қуанышымыз еселеніп жатыр. Осындай салтанатты шараға қатысқанымға қуаныштымын. Бізге осынша шаттық сыйлаған аудан әкімдігіндегілерге зор денсаулық, еңбектеріне табыс тілеймін, – деді елордалық Айнұр Ахметова.

ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕ САЛТАНАТЫ

Елордада Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің, Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшілігінің және Башқұртстан Республикасы әкімшілігінің қолдауымен «Ақбузат» башқұрт этномәдени бірлестігінің «Йыйын-2022» дәстүрлі мерекесі атап өтілді.



концерттік театр бірлестігі өнер көрсетті. Этно-көрме, ұлттық ойындар, спорттық және дәстүрлі жарыстар ұйымдастырылды.

Шараға Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері және қала қонақтары қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстанда тұратын этностардың бірлігі мен достығын нығайту, башқұрт халқының мәдени дәстүрлерін сақтау және дамыту. «Йыйын» – башқұрт халқының ежелгі дәстүрлі мерекесі. Жыл сайын бұл мереке қазақ жерінде аталып өтеді. Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін Башқұртстан, Ресей әртістері мен Нұр-Сұлтан қаласының шығармашылық ұжымдары халық әндерін шырақп, «Сибай»

Енді теледидарды қағаз сынды орауға болады. Мұндай жаңалықты LG компаниясы таныстырды. Теледидар экранның қалыңдығын азайту үшін полимер негізіндегі LED технологиясын пайдаланады. LG-ден басқа, Samsung, Sony және Mitsubishi сияқты басқа да ірі электроника өндірушілері экрандарды икемді және портативті ету үшін жұмыс істеуде.



Германиядағы Саар университетінің ғалымдары Google-мен бірлесіп, smart татуировкасы немесе SkinMarks деп аталатын әдісті әзірледі. Яғни терінің әртүрлі бөлігіне смартфонды басқаруға болатын өте жұқа электронды татуировка жасады. SkinMarks-тің ерекшелігі адам терісін сипап немесе қысып смартфонды басқара алады.

Құрметті ұстаздар, оқушылар, студенттер және ата-аналар!



Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз! 1 қыркүйек – барлық ұрпақты біріктіретін ең жарқын және мейірімді мерекелердің бірі, бастаулардың, перспективалар мен жаңа мүмкіндіктердің символы. Біз бәріміз мектеп табалдырығын алғаш аттаған ұмытылмас сезімді, алғашқы ұстазымызды және мектеп достарымызды еске аламыз. Бұл – бірінші сынып оқушылары үшін ерекше қуанышты күн. Балалар үшін бұл – маңызды жұмыстың, достармен қарым-қатынастың, жетістіктер мен жаңа жаңалықтардың жаңа кезеңі. Бұл күн бірінші сынып оқушылары үшін ең есте қаларлық күн болады. Олар үшін бүгін алғашқы қоңыраумен бірге қызықты жаңалықтар мен эсеркер әсерлерге толы жаңа, үлкен әлемге есіктер ашылады. Кешегі мектеп түлектері, ал бүгін колледждер, институттар мен университеттердің бірінші курс студенттері бұл күнді асыға күтуде. Мұғалімдерге, тәрбиешілер мен оқытушыларға денсаулық, ізденіс, шығармашылық табыс, ал ата-аналарға махаббат, шыдамдылық және балалармен өзара түсіністік тілейміз. Жаңа оқу жылында алған білім мен дағдылар жаңа биіктерді бағындырудың бастапқы негізін айналыс.

ӨЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӨКІМ ЖАУАБЫ

Елордаға көшіп келгелі байқағаным, мектептерде бала саны тым көп. Мұны ертерек шешпесе, үлкен мәселеге айналуы әбден мүмкін. Осы бағытта қандай жұмыстар қолға алынбақшы?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

Жыл өткен сайын Нұр-Сұлтан қаласының халық саны өсіп келеді. Мәселен, 2015 жылы 872 мың адам болса, 2020 жылы 1 миллион 149 мыңға жетті. Мұныңмен қоса бірқатар әлеуметтік қажеттіліктерді шешу маңызды міндетке айналды. Әсіресе, орта білім беретін ұйымдардың санын арттыруды жақсы түсінеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай, биыл бас қалада 11 мектеп салынып, пайдалануға берілді. Олар: Есіл ауданында – 6 мектеп, Алматы ауданында – 4 мектеп, Сарыарқа ауданында – тағы 1 мектеп, Байқоңыр ауданында – 1 мектеп (ол 2023 жылы тапсырылады). Аталған білім ордaları арқылы 23 мыңнан астам оқушыға арналған орын ашылады. 2023 жылы тағы 13 мектеп салып, 22 мыңға жуық оқушының заманауи білім ордасымен қамтамасыз етеміз. Жоспар бойынша Есіл ауданында 8 мектеп (ауданда тұрғындар тығыз орналасқанын ескере отырып), Алматы ауданында 1 мектеп бой көтереді. Сондай-ақ жеке қаражат есебінен мектеп санын арттыруды қарастырып отырмыз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада 3 жыл ішінде 34 мектеп салынды. Бұл 70 мың оқушы орын ашуға мүмкіндік берді.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Майра СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ, елорда тұрғыны: – Көпбалалы отбасына жәрдемақыны кімдер алады және бұл санатқа кімдер жатады?

Оқырман сауалына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметін ұсынамыз: – Жәрдемақының бұл түріне 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. Көпбалалы отбасыларындағы 4 балаға – 50 975 теңге, 5 балаға – 63 727 теңге, 6 балаға – 76 479 теңге, 7 балаға – 89 231 теңге, 8 балаға – 101 760 теңге, 9 балаға – 114 480 теңге, 10 балаға – 127 200 теңге, 11 балаға – 139 920 теңге, 12 балаға – 152 640 теңге, 13 балаға – 165 360 теңге, 14 балаға – 178 080 теңге, 15 балаға – 190 800 теңге, 16 балаға 203 520 теңге немесе әр балаға 12 720 теңге төленеді. Көпбалалы отбасыларға олардың табысына есепке алмай берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты аясында енгізілді.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

	Астаналық базар	«Сіле» базары	«Шанғата» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	500	700	490
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	140	140
Макарон өнімдері	380	250	260	280
Қарақұмық жармасы	700	520	620	600
Тазартылған күріш	500	465	480	420
Картоп	200	145	150	220
Сәбіз	270	145	165	200
Пияз	250	150	135	280
Қырыққабат	200	100	130	110
Қант	680	1000	650	720
Күнбағыс майы	1200	1280	950	800
Сыыр еті	2750	2800	2500	2600
Тауық еті	1800	1600	1380	1300
Пастерленген сүт	460	420	480	400
Айран	410	380	400	390
Сары май	4500	4500	4000	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	456	480	500	450
Ас тұзы	90	69	100	90
Сүзбе	900	950	1000	890



ТҮРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордалықтармен кездесіп, оларды толғандырып жүрген сұрақтарға жауап берді.

– Әрбір ауданның өзіне тән күрделі әрі шешілуі тиіс өте маңызды мәселесі болады. Мәселен, Байқоңыр ауданының Күлтегін көшесінде жоғары вольтты электр беру желісі (ЭБЖ) орналасқан. Бұл проблеманың шешілмей келе жатқанына 26 жыл болды.

Ең алдымен, электр беру желісі жанында орналасқан Күлтегін, Асан қайғы, Сырдария, Лермонтов көшесіндегі үйлерге басаман беріледі. Осыған ұқсас

жұмыс алдағы уақытта іргелес аумақта да жүргізіледі. Алайда бұл бір күндік немесе бір жылдық жұмыс емес. Орташа есеппен алғанда жоба 3 жылдан 5 жылға дейін созылады, – деді қала әкімі.

Оның сөзінше, бытыр электр беру желісін шығару бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауды қолға алды, қазір ол сараптамадан өтуде. Күз айларында ауқымды жобаны іске асыруға кіріседі.

– Бірінші кезекте, жолдардың және инженерлік желілердің құрылысы жоспарланған учаскелердегі үйлер, сол сияқты электр беру желісі астындағы үйлер бұзылады. Бұған қоса бұзылатын үйлердің құнын белгілеу, оларды сатып алу және бұзу жұмысы жүргізіледі. Асан қайғы көшесінде қосымша электр қуаты қосылғаннан кейін Күлтегін көшесіндегі электр желісі демонтаждалады. Бас жоспарда егжей-тег-

жейлі жоспарлау жобасын әзірледік. Жеке сектордың орнына әлеуметтік нысандар, тұрғын үй кешені, қоғамдық кеңістіктер бой көтереді, – деді А.Көлгінов. Кездесу барысында белгілі болғандай, Ш.Уәлиханов көшесіне параллель сегіз жолақты жол салынады. Сөйтіп, бас шаһардың логистикалық инфрақұрылымы жетілдіріліп, көлік қатынасы едәуір жақсарта түседі.

Биылдан бастап Күлтегін, Асан қайғы, Сырдария және т.б. көшелердегі үйлерді кезең-кезеңімен бұзуды бастаймыз.

ТҮЛЕКТЕРГЕ ГРАНТ БЕРІЛДІ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай, қалалық мәслихат атынан әлеуметтік осал топтарға жататын, тұрмысында қиыншылығы бар балаларға, белсенді түлектерге арналған гранттық оқу сертификаттарын табыс етті.



Қалиакбар
УСЕМХАНҰЛЫ

Қалалық мәслихат пен АМАНАТ партиясының «Жастар рухы» жас қанаты бірлесіп өткізген бұл игілікті шара аясында 60 талапкер «Тұран-Астана» университетінде, Технологиялық колледжде, сондай-ақ «Астана Профи» қалалық шаруашылық колледжде қалалық мәслихаттың грантымен оқуға мүмкіндік алды.

– Өткен жылы ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, қалалық мәслихат депутаттары «тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған 30 игілікті іс» деген бастаманы қолға алған болатынбыз. Осы шара аясында орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында қалалық мәслихат атынан арнайы грант бөлінген едік. Елорда тарихында тұңғыш рет атқарылған бұл жоба аясында 30 түлекке білім грантын берген едік.

Биыл осы игілікті бастаманы жалғастырып, грант алатын түлектер санын көбейтіп, 60-қа жеткіздік. Бұл грант тек қана тұрмыс жағдайы төмен түлектерге ғана емес, әлеуметтік өмірде үлкен белсенділік танытқан түлектерге де берілді, – деді Ерлан Каналимов.

Шараға «Тұран-Астана» университетінің, Технологиялық колледжінің басшылары қатысып, талапкерлердің оқуына табыс тіледі.

КӨНЕ ҒИМАРАТ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Елорданың байырғы өнер ошағы, бір ғасырдан астам тарихы бар М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры ғимаратын күрделі жөндеу жұмысы бес жылға созылып, әлі де жалғасып жатыр. Ал салынғанына жарты ғасырға жуықтап қалған «Жастар» сарайы жаңғыртылып, жаңарған қалпында есігін айқара ашқалы тұр.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов бастаған бір топ депутат аталмыш нысандарды жөндеу жұмыстарымен танысты. Алдымен М.Горький театрына барып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен нысанды пайдалануға беру мерзімін, мердігердің осындай нысандарды жөндеу тәжірибесін талқылады. Депутаттар ғимараттың тарихи келбеті мен сәулет элементтерінің ерекшелігін сақтаудың маңызын атап өтті. Жөндеу жұмыстарын

бақылауда ұстайтындарын жеткізді.

– Өткенде қала әкімі Алтай Сейдірұлы театрға келіп, жөндеу жұмыстарымен танысып шықты. Тиісті ескертпелерді айтып, жұмыс сапасына мән беруді тапсырды. Сондықтан театр басшылығына да, мердігерге де үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Қалалық Мәдениет басқармасы да көптеген қолдау көрсетіп жатыр. Әр апта сайын жиналыс өткізіп, жөндеу барысын талқылаймыз. Бұрын шатырдан су ағатын. Соны жауып, жөндедік. Қаржы ғимаратты жөндеуге ғана емес, қажетті құрал-жабдықтарға да бөлінді. Жақында жарық пен

дыбыс беретін жаңа заманға сай қондырғылар жеткізілуі керек, – деді театр директоры Ернар Жұматаев.

Қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдина ғимарат XIX ғасырда салынғандықтан, оның келбетін бұзбай, тарихи қалпын сақтаудың маңызын атап өтті. Театр директорының шаруашылық мәселелері жөніндегі орынбасары Ғани Кәрімовтің айтуынша, осы жағы ескерілген. Мәселен, сынған, ойылған, үгітілген кірпіштердің орнына ескі, құлағалы тұрған ғимараттардың материалдарын пайдалану жоспарланған. Сондай кірпіштер әзірге Павлодар қаласынан табылып отыр.

– Сол кірпіштер келмей, театр кірпіштерін бұздырмаймыз, – деді Ғ.Кәрімов.

Қалалық мәслихат депутаты Серік Түсіпов қазір құйылып жатқан кірпіштердің сапасы нашар екенін, бес-он жылдан кейін іріп кететінін айтты.

Депутаттар ғимараттың кіреберісіне пандустарды орнату керектігіне назар аударды. Театр басшылығы ол орнатылатынын жеткізді.

Бір айта кетерлігі, ғимаратта жөндеу жүргізіліп жатқанына қарамастан, театр жұмысы тоқтаған жоқ. Алдындағы жылдары спектакльдер Бейбітшілік және келісім сарайында, аталмыш театрдың шағын залында көрсетілсе, бытырдан бері Музыкалық жас көрермен театрының сахнасында жүріп жатыр.

Қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Санат Шапашовтың айтуынша, тапсырылған жұмысты уақы-


тында орындамаған мердігермен соттасу жүргізіліп, келісімшарт тоқтатылды. Сол себептен жөндеу жұмыстары жылдарға созылып кетті. Жаңа мердігермен келісімшартқа отырғаннан кейін жұмыс жанданды. Қазір тиісті жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр. Театрды пайдалануға беру мерзімі биылғы желтоқсан айына қойылды. Оған үлгерту үшін түнгі кезек қосылды. 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні мерекесіне қарай театр қойылымдарын жоспарланған ғимаратта қоя бастауы тиіс.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов ғимаратты жөндеумен қатар аумақты абаттандыруға да көңіл бөлу керектігін айтты. Бұл жұмысқа театрдың шамасы келмей жатса, Сарыарқа ауданының әкімдігі ресурстарын тарту қажеттігін жеткізді.

– Қандай жұмыстарға қаржы керек, мәслихат тарапынан қолдаймыз. Бізге бәрі заңды, сапалы болса болды, – деді Ерлан Каналимов.

ЖАҢАРҒАН «ЖАСТАР» САРАЙЫ

Депутаттарға «Жастар» сарайын мәдени ошақ директоры Сергей Солодовников аралатып, атқарылған жұмыстармен таныстырды. Қала тұрғындарының өтінішімен нысанның тарихи келбеті сақталып, панно мен концерт залы жаңартылды. Ғимараттың сыртына да рең кірді. Бассейн жөнделіп, басқа да қажетті жұмыстар жасалды. 1 қыркүйек күні ғимараттың салтанатты ашылуын өткізу жоспарланған. Нысанда зейнеткерлерге, балалар мен жастарға арналған түрлі жағдайлар тудырылды. Соның ішінде сурет галереясы, коворкинг-орталықтар, баспасөз орталығы, басқа да қажетті орынжайлар ашылады. Сыртқы жағына спорт алаңы салынды. Қазір жылу жүйесін жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар қыркүйек айының ортасында аяқталуы тиіс. Бір мәселе – ғимарат алдында концерттерді өткізетін сахна керек.



Жасампаздықтың жарқын мысалы, сондай-ақ біздің жас мемлекетіміздегі этносаралық үйлесімділікті қолдау мен нығайтудың негізгі құралдарының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. Оның тарихы өткен ғасырдың 90-жылдарында ондаған этномәдени бірлестіктердің құрылуынан басталады. Олар 1995 жылы жас мемлекеттің өзі сияқты бүкіл әлемге танымал әлеуметтік институт құрудың іргетасы болды.



Белгілі бір қалыптасу және даму жолынан өтіп, бүгінде елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясы өз қатарында 23 этномәдени бірлестік, 56 шығармашылық ұжым, 10 этнолингвистикалық мектеп, 7 қоғамдық келісім кеңес, 11 жастар қанаты, медиация кабинеті, Ғылыми-сараптамалық топ, Аналар кеңесі, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдігі, Ақсақалдар кеңесі, «Парасат» қайырымдылықты үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, ситуациялық қазақ «Мәміле» пікірталас клубы, «ANK Live» тікелей эфир студиясы, дыбыс жазу студиясы, журналистер клубы мен блогерлер клубы кіретін медиа-орталықты қамтитын нақты құрылымға ие. ҚХА қызметінің орбитасында – халықтың барлық санаттары.

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТЫ

Нұр-Сұлтан қаласы ҚХА-ның



БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР

басым бағыты өскелең ұрпақты полимәдениеттілік рухында тәрбиелеу болып табылады, ол өзге мәдениет өкілдерін қабылдай алатын және олармен толеранттылық негізінде қарым-қатынас орната алатын тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Бұған этнолингвистикалық мектептердің қызметі ықпал етеді. Елордада 460 оқушы қамтитын 10 мектеп бар, олар: неміс, корей, поляк, украиндық «Риднэ слово», татар-башқұрт «Туған тел», армян, әзірбайжан, казак «Лазорь», шешен-ингуш, өзбек «Зие».

Сабақтан басқа мектепте этносаралық келісімді, толеранттылықты нығайтуға, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге бағытталған бірлескен достық сабақтарын, фестивальдерді, шеберлік сыныптарын өткізу дәстүрге айналды.

БҮКІЛ ҰЛТТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖОЛЫНДАҒЫ ИГІ ІС

Этномәдени бірлестіктердің қайырымдылық қызметін үйлестіру жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. Елордалық Достық үйінде «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы жұмыс істейді, ол эт-

номәдени бірлестіктердің бизнесмендерімен ынтымақтастықта мұқтаж жаңдарға қажетті көмек жүргізеді. Орталық белсенділерінің арқасында көмекпен көпбалалы, аз қамтылған отбасылар, мүгедек балалар қамтылды. Мәселен, 2021-2022 жылдары 60 млн теңге сомасына 70 қайырымдылық акциясы үйымдастырылды.

Бұған дейін елордалық Ассамблея мүшелері республика тұрғындарына қиын күндерде көмек көрсету туралы үндеулерге көмектескен болатын. Гуманитарлық көмек Қарағанды облысында, Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында, Түркістан облысының Мақтаарал ауданында, Түркістан облысының Арыс қаласында техногендік сипаттағы төтенше жағдайдан, сондай-ақ Жамбыл облысының Қордай ауданындағы төртпінсіздік кезінде зардап шеккендерге жіберілді.

Мұқтаж адамдарға көмек көрсету – бұл елордалық Ассамблеяның көптеген меценаттары мен демеушілерінің ажырамас бөлігі. Олардың қатарында өзбек мәдени орталығы төрағасының орынбасары Шарипов Х.Х., «FOOD EXPRESS AIR» ЖШС директоры,

меценат, Нұр-Сұлтан қаласы ҚХА Аналар кеңесінің мүшесі Рудой Н.М., «Юнчи» этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, «ОСК-Стройсервис» ЖШС Бас директоры, меценат Генхузев Д.Х., «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының төрағасы Б.У.Солсанов, демеуші С.Б.Исмаилов, қалалық Аналар кеңесінің мүшесі Ш.Х.Нұрауонова бар.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» МКҚК тұрушы адамдарға бару дәстүрге айналды: жыл сайын концерттік бағдарламалар ұйымдастырылады және ұлттық тағамдармен мерекелік үстелдер жайылады.

Айта кету керек, бірнеше жыл бойы елордалық Ассамблея емделуге мұқтаж және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлыққа алып келеді.

«ДОСТЫҚ КӨПІРЛЕРІН» ҚҰРУ

Ассамблеяның базалық қағида-дәстүрлері азаматтардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне және әлеуметтік топтарға қатыстылығына қарамастан, құқықтары мен

бостандықтарының теңдігі болып табылатынын ескере отырып, астаналық Ассамблея басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен интеграциялық байланыстарды кеңейтуді өзінің мақсаты етіп қояды.

Мәселен, 2022 жылғы 28 мамырда елордалық Достық үйінде ынтымақтастық аясында Халықаралық ТЮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев мәдениет және өнер қайраткерлерімен, сондай-ақ елордалық этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездесті. Кездесу қорытындысы бойынша С.Раев түркі мәдениетін дамытуға және ілгерілетуге үлес қосқан мәдениет және өнер қайраткерлерін медальдармен марапаттады.

2022 жылғы 30 мамырда Достық үйінде Қазақстан Республикасындағы Әзербайжан Елшілігімен бірлесіп Әзербайжан СВС телеарнасының «Сыртқы істер аспектілері» бағдарламасының жүргізушісі, кітап авторы, Әзербайжан тарихшысы, саясаттанушысы, Әзербайжан мемлекеттік комитетінің диаспоралармен жұмыс жөніндегі сарапшысы Теймур Октай оғлы қатысуымен «Абайдың ұлылығы»

кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды.

Халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту, тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы кәсіпкерлер қауымдастығының Әзербайжан делегациясымен бейресми кездесуі өтті, оның аясында делегация астаналық Ассамблеяның тарихымен және этномәдени бірлестіктердің қызметімен танысты.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...». Бұл сөздер еліміздің негізгі Заңының алдында тұр. Барлығымызға біртұтастығымызды жоғалтпауды тілеймін. Біз – күшпіз! Біз – мақтаныш! Біз – біртұтас ұлтпыз!

Қазақстанның ұлылығы әртүрлі ұлттар мен діндердің адамдарын біріктіруге жатыр. Ал достық, қолдау және бір-бірімізге көмек – бұл біздің елімізді одан әрі даму мен өркендеуге жетелейтін тең ұғымдар.

Біздің ортақ үйіміз – Тәуелсіз Қазақстан Республикасына ашық аспан, жақсылық пен амандық тілеймін!

Есет БАЙКЕН,
Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары

ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІНЕ ҚҰРМЕТ

Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесі «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» және Жастар саясаты басқармасымен бірлесіп, ұлт ұстазы, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай келелі кездесу өткізді.

Халқымыздың зердесіне сәуле түсіріп, ой-санасын оятқан ұлттымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен асыл мұраларын жастар бойына дарыту мақсатында өткізілген бұл шараға қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, алаш мұраларын зерттеушілер, сондай-ақ жастар қатысты.

Шараны ашқан Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин Ахаң еңбектеріне тоқтала келіп, сөзінің соңы «Ахмет Байтұрсынұлы – орыс патшасына қарсы



күрескен қайраткер. Осы әрекеті үшін ол Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға жер аударылды. Сотталып келсе де қарап отырмай, 1913 жылы Орынбор қаласында «Қазақ» газетін шығарды. Газеттегі мақалалары арқылы қазақ халқының ұлттық санасын оятқан қайраткеріміз, Алаш туын биікке көтерген Ахаңның бейнесі біздің мәңгі жадымызда» деп түйіндесе,

Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің проректоры, белгілі алаштанушы, академик Дихан Қамзабекұлы Ахмет Байтұрсынұлының ұлт үшін еткен еңбектерін жастар арасында насихаттаудың мән-маңызына тоқталды.

– Қазақтың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына арналған еске алу – жастар үшін, мына шараға қатысып отырған

ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге. Ахмет Байтұрсынұлы кішкентай кезінен қоғамдағы әділетсіздікті көріп өскен. Осыны қалай қалпына келтіруге болады деп ол қатты қиналады. Оның бір ғана жолы білім деп ойлайды. Көп ізденеді, оқиды. Алдымен қазақша, кейін орысша білім алады. Ол жоғары институт бітірмесе де, ғұлама ғалым болды. Бұл атақ оған оңай келмеді. Жатпай-тұрмай, ізденістің, көп оқудың арқасында келді. Қысқаша айтқанда, адам ой-

ланса, тас жарады, тас жармаса, бас жарады дейді. Ахаңның алдына қойған мақсаты «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру». Бұл – өзінің жазып кеткен қасиетті сөзі. Өмірінің соңына дейін ол халқына арнап қазақ тілінің кітабын жазып, қазақ тілінің негізін қалап, қазақ мектебінің іргетасын тұрғызған алғашқы адам ол – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың тіліне байланысты

көп айтқан ғалым. Оған дәлел мына бір қанатты сөзі: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта жойылмайды деген сөзі тура айтылғандай. Сондықтан да оған баға берген ғұламалар тіл білімінің атасы деп атады, – деп қорытындылады сөзін академик Дихан Қамзабекұлы.

Ахаңның 150 жылдығына орай өтетін тағы бір іс-шара – веломарафон. Осы шараға марафоншы Ернар Қашқынов та келіп, шараға қатысушыларға өзі жүретін жолы жайлы баяндады. Ол 5555 шақырым жолды 55 күнде жүріп өтпек. Веломарафон Ахмет Байтұрсынұлының туған күні 5 қыркүйекте Ахаңның туған ауылы Аққолден бастау алып, Түркияның Ыстанбұл қаласында аяқтанды.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобы жетекшісінің орынбасары

КҮЙ ЖӘРМЕҢКЕСІНДЕ ҚҰРМАНҒАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесі, Есіл ауданының әкімдігі, Қазақ ұлттық өнер университеті және «Күй анасы» республикалық қоры Конституция күніне орай Құрманғазы Сағырбайұлының ескерткіші жанында «Күй жәрмеңкесі» атты IV мәдени-рухани іс-шараны өткізді.

Күй жәрмеңкесі ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Төртінші рет өткізілген «Күй жәрмеңкесінің» мән-мағынасы мен басты мақсаты туралы қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Күй анасы» республикалық қорының жетекшісі Төлеген Қуанышев айтты.

– Бұған дейін күй жәрмеңкесі аты аңызға айналға Дина Нұрпейісованың құрметіне өткізілген болатын. Бұл жолы біз ұлы композитор Құрманғазы Сағырбайұлына құрмет көрсетуді жөн көрдік. Біздің іс-шарамыздың дәстүрге айналғаны және оған жас домбырашылар көбірек қатысатыны қуантады. Демек, өскелең ұрпақ өз халқының

мәдени мұрасын құрметтейді, – деді Төлеген Қуанышев.

«Күй анасы» республикалық қоры жанындағы ақсақалдар алқасының белді мүшесі, Қазақстанның еңбегі сіңірген қайраткері, күйлердің тарихын зерттеуші, профессор Айтжан Тоқтаған Құрманғазының шығармашылығы мен мектебі, сондай-ақ мәдени мұрасының маңыздылығы туралы қысқаша баяндама жасады. Қазақ ұлттық өнер университетінің 4-курс студенті Тілеулес Нұрлыбек халық ақыны Хамит Ергалиевтің Құрманғазыға арналған поэмасынан үзінді оқыды. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны, танымал кәсіпкер Асқар Қалмағамбетов Аслан есімді

ұлына домбыра сыйлау рәсімін өткізді.

«Күй жәрмеңкесінде» негізінен Құрманғазы Сағырбайұлының күйлері орындалды. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Тұрар Әліпбаев, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, дирижер, күйші-композитор Нұрлан Бекенов Құрманғазы бабамыздың бірнеше күйін тартып, олардың шығу тарихын баяндап берді. Құрманғазының және басқа да күйшілердің күйлерін тарту сайысы өткізіліп, қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Орынбай Дүйсен қорытындыны жария етіп, жеңімпазға бас бәйге ретінде үкпіл домбыраны сыйға тартты.

Екінші және үшінші орын алғандарға Дина Нұрпейісованың өмірі мен өнері туралы және 24 күйі жазылған «Күй анасы» (авторы – Төлеген Қуанышев) атты кітап сыйға тартылды.



АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТАДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның әртістері елорда тұрғындары мен қонақтарына арнап «Ата заңым – айбарым» атты мерекелік концерт өткізді.



Мерекелік бағдарламаның басым бөлігі патриоттық әндерден тұзиді. Көрермендер Иса Байзақовтың «Желдірме», Сүгір Әліұлының «Аққу», Евгений Брусиловскийдің «Шашу»,

Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау», Айтқали Жайымовтың «Шаттық елі», Арман Жайымның «Әз Тәуке», Алтынбек Қоразбаевтың «Қазақстан», Қасым Аманжоловтың «Туған жер», басқа да



шығармалармен сусындады.

Концертте Қазақ оркестрі, Камералық хор, «Шалқыма» халық би ансамблі, Урлемелі аспаптар оркестрі, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, «DoStar» вокалдық тобы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева, Азамат Жылтырқозов, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лау-

реаттары Нұрбол Балапанов пен Алтынбек Әбілда, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Мұратбек Хайролда, Айдын Жұмабай, Бауыржан Нұрмұханов, Данияр Мұқанов, Ержан Тоқсабанов, Мейрам Айтмағанбетов, Әйгерім Аманжолова, Айнұр Қонысбаева, Айгерім Нартуева, Нұржан Мейіржақ өнер көрсетті.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Бәйтерек» монументінің алаңында «Ата заңым – Бәйтерегім» атты мерекелік кеш өтті.

МЕРЕКЕГЕ АРНАЛДЫ



Концертте белгілі әншілер өнер көрсетті. Олардың қатарында Маржан Арапбаева, Бейбіт Қорған, Азия және Вақау тобы, Фәділбек Жанай, Заман тобы, сонымен қатар KeshYou, Qanaу, Өктем Алтаев және тағы басқалары болды.

Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет басқармасының бөлім басшысының міндетін атқарушы Наурызбек Нәсір жиналғандарды мерекеміз құттықтап, Конституцияның маңызын атап өтті. Сонымен қатар биыл «Бәйтерек»

монументіне 20 жыл толғанын айтты.

– Егемендігіміздің еңсесін нығайтып, ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығына айналған Конституция – бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін тегіне қарамастан бекіткен ұлы құжат, – деді Наурызбек Нәсір.

Баян АСЫЛБЕКОВА

АРДАГЕР ФУТБОЛШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Тарлан Арена» стадионында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері Абдрахманов есімін еске алуға арналған футбол турнирі өтті.



Қайырымдылық қағидасымен өткен жарысқа бұрынғы кәсіпқой және әуесқой футболшылардан құралған 6 команда қатысты. Екі күнге жалғасқан жарыстың финалында «Целиник» және «Динамо» командалары кездесіп, «тың игерушілер» жеңімпаз атанды. Ал, үшінші орын үшін өткен матчта «Степногорск» командасы «ҚТЖ Центр» ұжымынан басым түсіп, қола жүлдеге қол созды. Іріктеу ойындарында сүрінген «Атбасар» және «Еңбек-Колугон» командалары да жанкүйерлердің ықыласына бөлене білді.

Жеңімпаз және жүлдегер атанған командалар кубокпен, медальмен және дипломмен марапатталды. Сондай-ақ турнирдің үздік қақпашысы, қорғаушысы және шабуылшысы болып танылған футболшылар арнайы сыйлықтар алды. Ал, Абдрахманов әулеті атынан жүлдегер командаларға қаржылай сыйлықтар берілді.

Жарыстың бас төрешісі, футболдан КСРО спорт шебері Владимир Павлюк бұл турнир дәстүрлі жарысқа айналатынын жеткізді.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

